

**«Өскемен қаласының
білім беру бөлімі» ММ
басшысы
М.М. Ахметоваға**

**«Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ жемқорлық тәуекелдерге
ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша аналитикалық
анықтама**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 16 бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 18 бұйрығымен бекітілген жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің Үлгілік ережелерімен бекітілген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу Ережесі негізінде білім беру бөлімінде 2016 жылдың 6-10 маусым аралығында жұмыс тобы жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізді. 2016 жылдың 1-4 маусым аралығында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді, оның нәтижелері 2016 жылдың 7 маусым күні білім беру бөлімінің интернет-ресурсында орналастырылған.

«Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ регламенттер және стандарттармен бекітілген барлық бизнес-үрдістерді сақтай отырып, жеке және заңды тұлғаларға 23 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. 2015 жылдың қыркүйек айынан 2016 жылдың мамыр айы аралығында 27 666 мемлекеттік қызметтің 23 түрі көрсетілген, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» МҚ арқылы - 435 қызмет.

2015-16 оқу жылында көрсетілген мемлекеттік қызметтің саны 27 666 құрады (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 65% артық), 2014-15 оқу жылында көрсетілген мемлекеттік қызмет саны 17 800 құрады. Оның себебі 2015 жылдың мамыр айынан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 «Мемлекеттік қызмет түрлерін бекіту туралы» қаулысына сәйкес тағы 4 жаңа қызмет қосылды:

- «Жетім–баланы және ата-ананың қамқорлығының қалған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлем тағайындау» қызметінің коды 00404009;

- «Үздік орта білім беру үйімі» грантын беру байқауына қатысу үшін құжаттар қабылдау» қызметінің коды 00803010;

- «Үздік ұстаз» атағын беру байқауына қатысу үшін құжаттар қабылдау» қызметінің коды 00803011;

- «Мемлекеттік орта білім беру мекемелері басшыларын орналастыру байқауына қатысу үшін құжаттар қабылдау» қызметінің коды 00803013. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында «Мектепке дейінгі жастағы балаларды (7 жасқа дейінгі) мектепке дейінгі балалар үйімдарына жолдау үшін кезекке қою» қызметі бойынша 2 бас тарту болды, оның себебі ЭУП арқылы қызмет көрсету үлгісі бойынша қызмет алушы екінші рет кезекке тұрған.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі бойынша бұзушылықтар жок. Сонымен қатар білім беру бөлімінің қызметкерлеріне қызмет көрсету мерзімі мен сапасы бойынша қызмет алушылар тарапынан арыздар түскен жок. Мемлекеттік қызметтер регламенті стандарттарға және нақты қызмет көрсету үрдісіне сәйкес келеді. Бөлімнің мемлекеттік қызметтер бойынша НҚА өз қалауды бойынша шешу немесе қайшылық білдіру фактілері байқалған емес. Білім беру бөлімінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде косымша құжаттар талап ету фактісі анықталған жок. Қызмет алушының құжаттар пакетінің мазмұны сәйкес келмеген жағдайда Стандартта қызмет көрсетуден бас тарту үшін негізdemе туралы норма қарастырылған. Нормада мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін ұзарту қарастырылмаған. Білім беру бөлімінде жауапкершіліктен құтылуға жол берілмейді, себебі тұрақты бақылауда болып табылады. «Азаматтарға арналған үкімет» МҚ және «Электрондық үкімет» порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушымен тікелей байланыс орнатылмайды, ал кеңсе арқылы қызмет көрсету кезінде қызмет алушымен тікелей байланыс орын алады. Қалалық білім беру бөлімінің мемлекеттік қызметтер туралы екі тілдегі ақпараты бөлім ғимаратының кіреберісінде, <http://oouk.vko.gov.kz //ru//> сайтында және Өскемен қаласы әкімінің <http://oskemen.vko.gov.kz/ru/> ресми сайтындағы «Мемлекеттік қызметтер» айдарында орналастырылған.

Қызметкерлер құрамын басқару: штат бойынша мемлекеттік қызметшілер саны 16, нақты 13. Алмасуышылық 2 адамды -12% құрады (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 12%).

Білім беру бөлімінде рұқсат беру қызметтері жүзеге асырылады: білім беру үйімдарында экстернат түрінде оқуға рұқсат беру (3), қамқоршылық және корғаншылық бойынша анықтама беру (323)

Бақылау қызметтер жок.

Мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны 16, нақты 13, 3 бос орын бар. Көрсетілген кезеңде 1 мемлекеттік қызметші өз еркімен жұмыстан босатылды. Жағымсыз қылықтармен жұмыстан босатылғандар, лауазымы

бойынша төмендегендер, алмастырулар болған жоқ. Қызметтік тексеру жүргізілген жоқ, 3 мемлекеттік қызметші лауазымдық міндеттерін тиісті орындағандары үшін тәртіптік жазаға тартылды, жазаларына шағымдану болған жоқ, 2 тәртіптік жаза мерзімінен бұрын алынды. Мұдделер жанжалы фактілері жоқ. Білім беру бөлімінің мемлекеттік қызметшілері аткарып жүрген лауазымдарының біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Қызметкерлермен көрсетілген бұзушылықтарды мойындауларына байланысты қызметтік тексеру жүргізілген жоқ. Қала әкімдігінде бірыңғай тәртіптік комиссия бекітілген. Мемлекеттік қызметшілермен біліктілігін арттырудан өту мерзімі мен тәртібі сақталады. Еңбек тәртібін бұзы және жыл бойында еңбек тәртібін қайталап бұзы фактілері болған жоқ. Мемлекеттік қызметте шектеулерді сақтау, қызметшілердің қызметін бағалау ресіміне шағымдану, жазаға тарту фактілері жоқ. Тексеру комиссиясының 2016 жылдың сәуір айындағы ұйғарымына байланысты 2016 жылдың маусым айында бір тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу фактісі орын алған, лауазымдық міндеттерін адал орындағаны үшін 2016 жылдың сәуір айында бір қызметкердің тәртіптік жазасы алынған. Бұрын жемқорлық құқық бұзушылық жасаған, қылмыстық іс жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау, мемлекеттік қызметке өту кезінде мемлекеттік қызметшілермен қылмыстық немесе әкімшілік қылмыс жасау фактілері және мұдделер жанжалы болған емес. Анонимді өткізілген сауалнама нәтижелері ескеріледі, соның нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметшілердің қызметіне талдау жүргізіледі.

Талаптарға сәйкес «Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізу қорытындылары білім беру бөлімінің интернет–ресурсында орналастырылатын болады.

Жұмыс тобының төрағасы:

Жұмыс тобының мүшелері:


Ш. Куленова

Е. Круглова

Д. Шарипова